

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТЕМІН
әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық Университетінің
оқу жұмысы жөніндегі проректоры
 _____ **Д.Ж.Ахмед-Заки**
 « ____ » _____ **2014 ж.**

Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
 Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасы
 ғылым, инновация және халықаралық
 байланыс жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасарының
қызметтік нұсқаулығы

ҚН ҚАЗҰУ 18-06-3

Көшірме	Код	Басылым	Жасалды	Келісілді	Келісілді
	ҚН ҚазҰУ 18-06-3	бірінші	Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті деканы Ө. Әбдиманұлы	Академиялық мәселелер жөніндегі Департамент директоры Хикметов А.Қ.	Құқықтық жұмыс және әскери жұмылдыруды қамтамасыз ету басқармасының бастығы Құрманалиев Б.О.
			Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының меңгерушісі А. Темірболат	Рейтинг және сапаны басқару жөніндегі бөлімінің басшысы Ергөбек Ш.Қ.	Кадр және мұрағат істері басқармасының басшысы Мадиярова А.С.

	ҚазҰУ	Мерзімі:	2014	Басылымы:
	каф. мең. ғылым, инновация және халықаралық қатынастар жөніндегі орынбасарының қызметтік нұсқаулығы	ҚН 18-06-3 ҚазҰУ		бірінші 4-2 бет

1. ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1.1.Кафедра меңгерушісінің орынбасары лауазымына тағайындау және одан босату ректор бұйрығы арқылы жүзеге асады.

1.2.Кафедра меңгерушісінің орынбасары кафедра меңгерушісіне, факультет деканына және оның орынбасарына тікелей бағынады.

1.3.Кафедра меңгерушісінің орынбасары өз қызметін атқару барысында «Кафедра туралы» ережені басшылыққа алады.

1.4.Кафедра меңгерушісі орынбасары өзінің қызмет барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2020 жылға дейінгі даму стратегиясын, «Кафедра туралы ережені» және осы нұсқаулықты, Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған процедураларын және т.б. басшылыққа алады.

2. Біліктілік талаптары

2.1. Кафедра меңгерушісінің орынбасары лауазымына жоғары білімді, ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, PhD (философия докторы) ғылыми дәрежесі бар тұлға тағайындалады;

2.2.Кафедра меңгерушісінің орынбасары ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, басқаратын саласының білікті маманы болуы және қоластындағылардың пікірімен санаса отырып, жауапты шешім қабылдай алуы тиіс;

2.3.Кафедра меңгерушісі Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Жемқорлықпен күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңдарда және басқа да нормативтік-құқықтық актілерінде көрсетілген, жоғары білім беру жүйесінің қызметі мен даму мәселелерін реттеу; мамандық және мамандану тобына байланысты оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасау және оны бекіту тәртібін; білім беру жүйесін басқарудың теориясы мен әдістерін; оқу жоспарларын жасау тәртібін; оқу жұмысы бойынша іс қағаздарын жүргізу ережелерін; кәсіби оқытудың педагогикасын, физиологиясын, психологиясын мен әдістерін; оқытудың, студенттерді тәрбиелеудің қазіргі жаңа түрлері мен әдістерін;экономика негіздерін, еңбек туралы заңнамаларды, еңбекті қорғау нормалары мен ережелерін, қауіпсіздік техникаларын және өрттен қорғану шарларын білуі тиіс:

2. Лауазымдық міндеттер

3.1 Кафедрадағы ғылыми-инновациялық және халықаралық байланыс жөніндегі жұмыстардың тиімділігін қамтамасыз ету;

3.2.Факультет деканының ғылым, инновация және халықаралық байланыс жөніндегі орынбасарына кафедраның даму жоспары мен жылдық жоспарларын, кафедра ұжымының жетістіктері мен жұмыстарының ағымдағы жай-күйі жөніндегі есебін, халықаралық байланыс жөніндегі кафедра жұмысының есебі мен анықтамаларын өткізу;

3.3. Халықаралық білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, білім беру және халықаралық ғылыми жоба / гранттарды іздеп табу және оларды тарту жұмыстарын жолға қою; халықаралық қорлармен бірлікте жұмыс атқару, кафедрағы педагогтер мен ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру, оларды қайта дайындықтан өткізу және студенттерді оқыту мақсатында шетелдік әріптестерді іздестіру;

3.4. Кафедра саласына сәйкес педагогтер мен ғылыми қызметкерлердің және кафедра саласына сәйкес білім алып жатқандардың ғылыми зерттеу жұмыстары мен инновациялық қызметін ұйымдастыру және оған басшылық жасау, оқытушылар мен студенттердің университет көлемінде немесе өзге де ЖОО-да және түрлі ұйымдар өткізетін ғылыми зерттеу

	ҚазҰУ	Мерзімі:	2014	Басылымы:
	каф. мең. ғылым, инновация және халықаралық қатынастар жөніндегі орынбасарының қызметтік нұсқаулығы	ҚН 18-06-3 ҚазҰУ		бірінші 4-3 бет

жұмыстарына, грант бөлінетін конкурстарға, конференцияларға, көрмелерге, олимпиадаларға қатысуын қамтамасыз ету;

3.5. Педагогтер мен ғылыми қызметкерлердің және кафедрада білім алушылардың ғылыми зерттеу жұмыстары мен инновациялық қызметін ұйымдастыру және оған басшылық жасау, оқытушылар мен студенттерді университет көлемінде немесе өзге де ЖОО-да және түрлі ұйымдар өткізетін ғылыми зерттеу жұмыстарына олардың грант бөлінетін конкурстарға, конференцияларға, көрмелерге, олимпиадаларға қатысуын қамтамасыз ету;

3.6. кафедраның ғылыми қызметін университет, факультет, ғылыми зерттеу орталықтары, басқа да ЖОО-ның салалас кафедраларымен, сонымен қатар шетелдік әріптестермен ынтымақтастықты дамытуды үйлестіру;

– педагогтер мен ғылыми қызметкерлердің, магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру;

– кафедраның ҒЗЖ саласындағы жетістіктері мен халықаралық ынтымақтастығын насихаттауға бағытталған қызметін үйлестіру; сонымен қатар университет сайтында кафедраға қатысты беттерді ағылшын тілінде әзірлеуді үйлестіру;

3.7. Ғылыми зерттеу жұмысының уақтылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз ету, оның ағымдағы жағдайына талдау жасау, оны дамытып, ҒЗЖ нәтижелерін өндіріске енгізу мақсатында ұсыныстар енгізу;

3.8. Университет, факультет, кафедра көлемінде өткізілетін ғылыми және ғылыми-әдістемелік семинар, мәжіліс, конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге атсалысу;

3.9. Кафедрадағы шетелдік білім алушыларды бақылау, шетелдік ұйымдар берген білім беру құжаттарын тану және нострификациялау мәселелері бойынша оларға түсіндіру жұмыстарын жүргізу, білім алушылардың шетелдік ұйымдар берген білім беру туралы құжаттарын жинап, Қазақстан Республикасының Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау ережесіне сәйкес ҚР БжҒМ ҰАО Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау үшін оларды деканның ғылым, инновация және халықаралық байланыс жөніндегі орынбасарына, Халықаралық ынтымақтастық департаментіне жіберу.

3.10. Шетел мамандарымен бірлесе жұмыс жүргізу.

3.11. Білім алушылар мен оқытушылар құрамының шетелге іссапарға шығуы бойынша бақылау жүргізу.

3.12. Кафедра меңгерушісі, кафедра меңгерушісінің оқу, әдістеме және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болмаған жағдайда олардың міндетін атқару;

3.13. Университет ректоратындағы жоғары лауазымды тұлғалардың, факультет деканының, оның орынбасарларының және кафедра меңгерушісінің бұйрықтары мен өкімдерін және басқа да өкімдік кесімдерін орындау;

3.14. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары мен қызметкерлерінің Коорпоративті мәдениет кодексі нормаларын сақтау;

3.15. Кафедра қызметін қамтамасыз ететін өзге де мәселелерді шешу, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, Кафедра туралы ережесіне және университеттің жоғары лауазымды тұлғалары мен декан кесімдеріне сәйкес өзге де міндеттерді атқару.

4. Құқықтары

4.1. Кафедраның ғылым, инновация және халықаралық байланыс мәселелері бойынша жұмыстарына сәйкес шараларға қатысу;

4.2. Ғылыми және инновациялық жұмыстарды ұйымдастыру бойынша, кафедра мүшелерінің біліктілігін арттыру бойынша, халықаралық байланыс бойынша байланысты дамыту бойынша ұсыныстар енгізуге;

4.3. Өзінің негізгі жұмысынан тыс босатылмай, еңбек қызметін жүзеге асыруға;

	ҚазҰУ	Мерзімі:	2014	Басылымы:
	каф. мең. ғылым, инновация және халықаралық қатынастар жөніндегі орынбасарының қызметтік нұсқаулығы	ҚН 18-06-3 ҚазҰУ		бірінші 4-4 бет

4.4. Педагогикалық, ғылыми, инновациялық және халықаралық байланыстарды дамытудағы жетістіктері үшін факультет деканы тарапынан ынталандыруға;

4.5. Факультет, университет көлемінде өткізілетін шараларға қатысу;

4.6. Кафедра меңгерушісі, кафедра меңгерушісінің оқу, әдістеме және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болмаған жағдайда олардың міндетін атқару;

4.7. Кафедраның қызметіне байланысты өзге де мәселелерді шешуге құқықтары бар.

5. Жауапкершілік

5.1. Кафедра меңгерушісінің орынбасары заңнамаларға, университет жарғысы және ректор бұйрықтарына сәйкес жауапкершілікті атқарады.

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

Кафедра меңгерушісінің ғылым, инновация және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары Е. Солтанаева _____